

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы (2005 жылғы 1 мамырдағы)

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 76 филиалы мен 77 өкілдігі бар. Алматы қаласында 11 қор және Қарағанды қаласында 1 қор («Валют-Транзит Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ), Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ) және Ақтөбе қаласында 1 қор (НефтеГазДем Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ) бар. Сондай-ақ «ABN AMRO КаспийМунайГаз» Жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ атауын «ГРАНТУМ Жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ деп өзгертті («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы).

2006 жылы сәуір айында заңды тұлғаларға зейнетақы қорларын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың ішінде 3 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «БТА Қазақстан Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ы.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары жөніндегі салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны сәуір айында 59 972 (0,77%) ұлғайып, 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 7 873 175 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 29,50%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,32%, «ҰларҮміт» – 15,35%, «Валют-Транзит Қоры»- 8,82% және «БТА Қазақстан» – 7,77% немесе олардың үлесіне салымшылар (алушылар) шоттарының жалпы санының 80,76%-і келеді. Ағымдағы жылдың 1 сәуірімен салыстырғанда 5 қордың үлесі 0,03 проценттік тармақтарға кеміді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны сәуір айында 175(0,54%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 мамырда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 534,3 млн. теңгемен 32 726 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 59,94%, «ҰларҮміт»-

18,40% және «Капитал» – 13,44% немесе осы үш қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 91,78%-і келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорларында болды. Салымшылардың жалпы саны ағымдағы жылдың 1 мамырында 3 658, дербес зейнетақы шоттарда 22,7 млн.теңге болды. Сәуір айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 12-ге (0,33%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттары санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.05.05.	01.05.06.	Өсімі	Өсу қарқыны (%-те)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 980 789	7 873 175	892 386	12,78
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	30 861	32 726	1 865	6,04
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 054	3 658	604	19,78

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты сәуір айында 24 694 млн.теңгеге (3,46%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 738 693 млн. теңге немесе ЖІӨ¹-нің 8,47% болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

(млрд.теңге)


Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен) (в %)
01.05.02 ж.	207,7	74,6	56,05
01.05.03 ж.	297,0	89,3	42,99
01.05.04 ж.	397,6	100,6	33,87
01.05.05 ж.	530,5	132,9	33,43
01.05.06 ж.	738,7	208,2	39,25

¹ оценка 2006 года по данным Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ, 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 2005 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 5,82 проценттік тармаққа ұлғайып 39,25% болды.

Жинақталған зейнетақы қорлары арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлар ие: "Қазақстан Халық банкі" – 198 447 млн. теңге немесе 26,86%, "ҰларҮміт" – 134 270 млн. теңге немесе 18,18%, "МЖЗҚ" – 132 944 млн. теңге немесе 18,00%, «БТА Қазақстан» – 65 326 млн.теңге немесе 8,84% және "ГРАНТУМ" – 49 429 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 6,69%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,57% келеді немесе ағымдағы жылдың 1 сәуірімен салыстырғанда үлесі 0,27 проценттік тармаққа өсті.

2006 жылғы 1 мамырдағы қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) сәуірде 12 231 млн. теңгеге (6,54%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 199 275 млн.теңге болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айында таза инвестициялық кірістің өсімі 44,1 млрд. теңгені құрады немесе барлық 2005 жылғы (40,4 млрд. теңге) “таза” инвестициялық кірістің өсімінен 3,7 млрд.теңгеге көп болды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңгемен)

Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсімі	Өсу қарқыны (%-ге)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі (%)

				пен)
01.05.2002 ж.	57,7	20,0	53,05	27,78
01.05.2003 ж.	82,7	25,0	43,33	27,85
01.05.2004 ж.	99,6	16,9	20,44	25,05
01.05.2005 ж.	127,5	27,9	28,01	24,03
01.05.2006 ж.	199,3	71,8	56,31	26,98


Көрсетілген кестеден 2004 жылғы 1 мамырдан бастап «таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны байқалады. Сонымен, 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша «таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 2004 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 7,57 проценттік тармаққа ұлғайды және 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 2005 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда өсу қарқыны 28,30 проценттік тармаққа ұлғайып, 56,31% болды.

«Таза» инвестициялық кіріс сомасының 2005 жылы 3,4 млрд.теңге мөлшеріндегі айлық орташа өсуінде, ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде 11,0 млрд.теңге болғанын немесе 3,2 есеге өскенін атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 26,98% болды немесе үлесі сәуірде 0,79 проценттік тармаққа өсті.

Сәуір айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 13 361 млн. теңгеге (2,43%) өсіп, 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 562 655 млн. теңге немесе ЖІӨ-нің 6,45% болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңге)



- зейнетақы жарналары
- инвесткіріс
- жинақталған зейнетақы қаражаты

Ағымдағы жылғы сәуірде 98 млн.теңгеге немесе 2,32%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 4318 млн. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымына аударымдар сәуірде 943 млн.теңгеге (2,39%) өсіп, 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 40 335,3 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері – 40 183,8 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналары есебінен – 116,3 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен – 0,2 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 35,0 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.


Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2006 жылғы 1 мамырдағы жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 105 930 млн. теңге болды немесе ағымдағы жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда 3 069 млн. теңге (2,98%).

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 48,15%, «ҰларҮміт» - 13,07% және «Қазақстан Халық Банкі» - 10,43% және «БТА Қазақстан» - 6,65% және «ГРАНТУМ» - 5,73% немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 84,03% келеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы сәуірде 25 577 млн. теңгеге немесе 3,57%-ке өсіп 741 327 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 мамырдан бастап 2006 жылғы 1 мамыр аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 18,5 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. тенге	в %
«Қазақстан Халық Банкі Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	199 494	26,91
«ЗАИБЖАҰ «Жетысу» АҚ	134 637	18,16
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	134 637	18,16
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	133 064	17,95
«БТА Қазақстан Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	66 031	8,91
AVN AMRO Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	62 154	8,38
«ГРАНТУМ Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	49 552	6,68
«Капитал» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	12 602	1,7
«Bailyk asset management ЗАИБЖАҰ» АҚ	61 754	8,33
«Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	2 537	0,34
«Мұнайгаз - ДЕМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	18 027	2,43
«СЕНІМ» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	30 777	4,15
«Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	10 413	1,41
«Актив-Инвест» ЗАИБЖАҰ» АҚ	35 153	4,74
«Валют-Транзит» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	35 153	4,74
«Нұр-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ	17 838	2,41
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	17 838	2,41
«АЛЬФА ТРАСТ» ЗАИБЖАҰ» АҚ	16 861	2,27
«Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	16 861	2,27
«ООИУПА Premier Asset Management» АҚ	14 341	1,94
«Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	14 341	1,94
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	741 327	100,00

2006 жылғы 1 мамырда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2006 жылғы сәуірде 22 026 млн. теңгеге немесе 3,10%-ке өсіп, 733 616 млн. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.05.2006.	
	млн. тенге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	225 533	30,74
ҚР еврооблигациялары	723	0,10
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	164 657	22,44
Ұлттық Банктің ноттары	60 153	8,20
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	36 993	5,04
акциялар	2 455	0,33
облигациялар	34 538	4,71
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	279	0,04
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 276	0,45

Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	26 084	3,55
Тазартылған алтын	6 666	0,91
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	318 530	43,42
акциялар	96 109	13,10
облигациялар, оның ішінде:	222 421	30,32
АҚШ долларына номинирленген	2 957	0,40
теңгеге номинирленген	218 436	29,78
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	116 255	15,85
жиынтығы	733 616	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2006 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда 14 579 млн. теңге немесе 6,91%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 мамырда 225 533 млн. теңге немесе зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 30,74% болды. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2006 жылғы сәуірде 7 736 млн. теңге немесе 2,49% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 1 142 млн. теңге немесе 0,97%-ке кеміп, 116 255 млн. теңгені құрады.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктерге салымға тек ұлттық валютада орналастырғанын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,45% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2006 жылғы сәуірде 1 970 млн. теңгеге (7,02%) кеміп, 26 084 млн. теңге (3,55%) болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 5,04% болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2006 жылғы 1 мамырда жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 2003 жылғы сәуір кезеңі - 2006 жылғы сәуір кезеңіне 23,43% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мәндері туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржы жағдайы

Қорлардың жиынтықты меншікті капиталы 2006 жылы 1 мамырдағы жағдай бойынша 20 423,1 млн. теңге болды, оның ішінде жиынтықты жарғылық капитал 7 912,5 млн. теңге немесе меншікті капитал көлемінің 38,74% болды. Жалпы 2006 жылғы сәуір айында қорлардың меншікті капиталы 2 383,7 млн. теңгеге немесе 13,2%-ке өсті.

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қалыптастырылған резервті капиталдың мөлшері 1 730,2 млн. теңгені немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 8,47%-ін құрады. Ағымдағы жылдың сәуір айында резервті капитал 30,3 млн. теңгеге (1,72%-ке) кеміді.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірінде қорлар кірісінің жиынтық мөлшері 9 812,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде комиссиялық сыйақылардан (зейнетақы активтерінен және зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен) алынған кірістер 9 223,3 млн. теңге (кірістердің жиынтық мөлшерінің 93,99%-і) және шығыстардың мөлшері – 3 009,1 млн. теңге, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар мен кастодиан банктердің сыйақылары қорлардың шығыстарының жалпы сомасынан 1 209,7 млн. теңге немесе 40,20% болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында 10 қор жалпы сомасы 6 408,0 млн. теңге таза кіріс (табыс салығын төлегеннен кейін) алды және 4 қорда жалпы сомасы 25,1 млн. теңгеге шығындар болды: «Д.А. Қонаев атындағы», «Қазақмыс», «Қорғау» және «Капитал» қорлары.

Таза кірістің жалпы сомасы (табыс салығын төлегеннен кейін) 2006 жылғы қаңтар-сәуір айларында қорлар бойынша 6 382,9 млн. теңге болды. Таза кірістің ең көп сомасын (табыс салығын төлегеннен кейін) мына қорлар алды: «БТА Қазақстан» - 43,73%, «Қазақстан Халық Банкі» - 39,88%, «Ұлар Үміт» - 9,79% немесе осы үш қорға қорлардың таза кірісінің жалпы сомасының 93,40% келді.

2006 жылғы қаңтар-сәуір айларында қорлар табыс салығын төлегеннен кейін өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 4 есе көп таза кіріс алды.

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 1 116,6 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 5,18% болды.

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 13 748,7 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 67,32% болды. 2006 жылғы сәуірде қаржы инвестицияларының көлемі 1 310,4 млн.теңгеге немесе 10,54%-ке өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сомасы 3 373,4 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 24,54%), Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 5 289,7 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 38,47%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 3 568,6 млн. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 25,96%) және «Кері РЕПО» операциясына жалпы сомасы 1 517,0 млн.теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 11,03%) орналастырды.